



Қазақстан Республикасы Президентінің 21.12.1995 ж. N 2703 Жарлығына сәйкес "Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" N 40 Нұсқаулыққа енгізілген өзгертулер

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1996 жылы 22 қаңтардағы N 21 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 30 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 14.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің
1996 жылғы 22 қаңтардағы
N 21 бұйрығымен
бекітілді

1. 17-тармақтың б) тармақшасынан "Қазақстан Республикасындағы төлем көзіне бұдан бұрын салынған" деген сөздер алынып тасталсын.
2. 18-тармақтағы "Жұмысқа орналастыруға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін арнаулы қорлар" деген сөздермен ауыстырылсын.
3. 30-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Өндірісте тікелей пайдаланылатын технологиялық жабдықтардың амортизациясы пайдалана басталған алғашқы үш жылда негізгі құрал-жабдықтардың тиісті тобы үшін белгіленген нормалар шегінде есептеледі, ал құнның қалған бөлігі пайдаланылғанына үш жыл өткеннен кейін салық төлеушінің ықтияры бойынша кейінгі амортизациялық кезеңнің кез-келген сәтінде шегеріліп тасталады".
4. 45-тармаққа салық ставкаларынан кейінгі ескерту мынадай редакцияда жазылсын: "Айлық есептеу көрсеткіші - кезекті жылға арналған республикалық бюджетте немесе өзге нормативтік құқықтық актіде зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ айыппұл санкцияларын қолдану, салық және басқа да төлемдер үшін жыл сайын белгіленетін айға арналған көрсеткіш. Жылдық есептеу көрсеткіші - жыл ішіндегі айлық есептеу көрсеткіштерінің жиынтығы".

5. 47-тармақ Нұсқаулықтан алынып тасталсын және бұдан кейінгі тармақтардың нөмірлері 48-тармақтан бастап 47-тармақ болып және т.т. соңғысына дейін (84-тармақ 83-тармақ болып) тиісінше өзгертілсін.

6. 51-тармақтағы (бұрынғы 52 тармақ) мысалда жақшаның ішіндегі "49-тармақ" деген сөздер "48-тармақ" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 50-тармақ (бұрынғы 51-тармақ) мынадай мәтінмен толықтырылсын: "Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың жылдық жиынтық табысы:

а) кәсіпкерлік қызметтен алынған салық салынатын табыстың 10 % аспайтын қаржылар сомасына, олар бюджеттен тыс "Жаңа астана" қорына жұмсалған жағдайда;

б) Ақмола қаласындағы тұрғын үй құрылысына жұмсалған және ағымдағы жылы шын мәнінде нысаналы мақсатта пайдаланылған қаржылар сомасына кемітіледі".

8. 56-тармақтан (бұрынғы 57-тармақ) 47 саны алынып тасталсын.

9. 57-тармақта (бұрынғы 58-тармақ) "48" санының орнына "47" саны көрсетілсін.

10. 68-тармақтағы (бұрынғы 69-тармақ) "в" тармақшасы алынып тасталсын, "г" және "д" тармақшалары тиісінше "в" және "г" тармақшалары болып есептелсін. "Г" тармақшасындағы "48" саны "47" санымен ауыстырылсын.

11. 70-тармақтағы (бұрынғы 71-тармақ) "69" саны "68" санымен ауыстырылсын.

12. 72-тармақтағы (бұрынғы 73-тармақ) "72" санының орнына "71" саны көрсетілсін

13. 75-тармақтың (бұрынғы 76-тармақ) соңғы абзацының алдындағы абзац мынадай мәтінмен толықтырылсын: "сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген жағдайларда".

14. 78-тармақтың (бұрынғы 79-тармақ) мәтіні мынадай мәтінмен

ауыстырылсын: "Қайта қаралған салық сомасын немесе бұдан бұрын есептелген салық сомасын төлеу туралы салық қызметі органдарының талаптарына, сондай-ақ артық төленген салық сомасын қайтару немесе есепке алу туралы салық төлеушілердің талаптарына талап қою мерзімінің ұзақтығы бес жыл болып белгіленеді".

15. Нұсқаулықтың 25, 28, 38, 40, 42, 43, 45, 48 (бұрынғы 49), 71 (бұрынғы 72) тармақтардағы "ең төменгі айлық жалақы" және "қысқаша ең төменгі жылдық жалақы" деген сөздер тиісінше "айлық есептеу көрсеткіші" және "қысқаша жылдық есептеу көрсеткіші" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Бас салық инспекциясы
бастығының бірінші орынбасары
салық қызметінің II дәрежелі
Мемлекеттік кеңесшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК